Конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы
№14404121

Конкурстың № 14131224-1
Конкурстың атауы Ақмола облысы бойынша орта білім беру ұйымдары мұғалімдерінің және әкімшілігінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу
Конкурстық құжаттама жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды қабылдау мерзімі бастап 2025-02-26 14:34:54 дейін 2025-02-28 14:34:54
Ұйымдастырушының атауы "Ақмола облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Конкурстық құжаттама жобасына ескерту(лер), сондай-ақ конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу(лар) мынадай шешім(дер) қабылданған өнім беруші(лер)ге жіберілген:

№	Әлеуетті өнім берушінің БСН (БСН)/ БСН/УНП	Өтініш тұрпаты (түсіндіру туралы ескерту, сұрау салу)	Түсіндіру туралы ескертуді, сұрау салуды жіберу күні мен уақыты	Өтініш мәтіні (ескерту, түсіндіру туралы сұрау)	Шешім қабылданды	Ауытқу себебі, түсіндіру мәтіні

1	130940004338	КҚ жобасына ескерту	№5 позиция «Үздік педагог «атағының иегері болып табылатын маманды талап еткен, бұл конкурса қатысушы потенциалды үміткерлердің санын шектеуге бағытталған деп ойлаймыз. №10 позиция бағдарламалау (Python) және робототехника (Arduino) бойынша арнайы сертификат талап етілген, алайда осы екі бағыт бойынша басқа да балама курстар бар, сондықтан, атаулы нақтылау қажеттілігі жоқ деген ойдамыз. Аталған ескертпелерге байланысты біліктілік талаптарына тиісті өзгерістер енгізуді сұраймыз	2025-02-27 17:02:21	Представить разъяснение положений конкурсной документации	№ 5 позиция «Үздік педагог» атағының болуы туралы талап Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сәйкес келеді. Аталған заң бюджеттік қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалануды, адал бәсекелестікті, жеткізушілер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды көздейді. Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші шарттың сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін әлеуетті өнім берушілерге қосымша біліктілік талаптарын қоюға құқылы. «Үздік педагог» атағы жоғары кәсіби жетістіктері бар мамандарға беріледі, бұл олардың біліктілігі мен дайындығының деңгейін растайды. Бұл атағы бар мамандардың саны бәсекелестікке жеткілікті, сондықтан оның болуы жасанды кедергі болып табылмайды. Осылайша, бұл талап бәсекелестікті шектеуге емес, көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл мемлекеттік сатып алу қағидаттарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптары, оның ішінде белгілі бір атақтардың, сертификаттардың және лицензиялардың болуын белгілеу тәжірибесі мемлекеттік сатып алу саласында кең таралған және егер ол сатып алу ысырабымен негізделсе, заңды болып табылады. Бағдарламалау (Python) және робототехника (Arduino) бойынша мамандарда сертификаттардың болуы туралы талап негізделген және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сәйкес келеді. Аталған заң сатып алынатын қызметтердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін қарастырады, бұл әлеуетті өнім берушілерге қойылатын объективті біліктілік талаптарын белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші сатып алу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қосымша біліктілік талаптарын қоюға құқылы. Python тілінде бағдарламалау және Arduino платформасымен жұмыс істеу арнайы білім мен дағдыларды талап етеді, оларды тек ресми сертификаттау бағдарламалары арқылы растауға болады. Дәл осы сертификаттардың болуы маманның қажетті құзыреттерге ие екенін көрсетеді, себебі балама курстардың дайындық деңгейі, оқу материалының көлемі және талаптары айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Техникалық ерекшеліктегі робототехника (Arduino) тікелей көрсетілмегеніне қарамастан, бұл дағды STEM-білім беру мен кешенді инженерлік даярлықтың маңызды элементі болып табылады. Arduino алгоритмдерді жүзеге асыру, микроконтроллерлерді бағдарламалау және аппараттық қамтамасыздықпен жұмыс істеу үшін қолданылады, бұл педагогтарға заманауи білім беру ортасында сұранысқа ие дағдыларды қалыптастыру үшін негізгі құрал болып табылады. Аталған технология информатика, бағдарламалау және инженерлік пәндерді оқытуда кеңінен қолданылады және түрлі білім беру бастамаларының бағдарламаларына енгізілген. Сонымен қатар, сертификаттауға қойылатын нақты талаптарды белгілеу өнім берушілерді іріктеу кезінде субъективтілікті жояды және мемлекеттік сатып алудың ашықтығын арттырады. Осылайша, Python және Arduino сертификаттарының болуы бәсекелестікті шектемейді, керісінше, білікті мамандарды тарту арқылы білім беру қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2	130940004338	ҚҚ жобасына ескерту	Еңбек ресурстары бөлігінде келесідей заңсыз талаптар қойылған. №2, №6 №8, №12, №13, №1. №15, 16 позицияда жоғары білімі бар маманның орта білім беру ұйымдарында басшы лауазымдағы немесе жалпы жұмыс тәжірибесін растау талап етілген, алайда МСА заңнама қағидалары бойынша, жұмыс тәжірибесін сұрауға болмайды. №3 позицияда Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болған маман талап етілген, алайда бұл маманның біліктілігімен тікелей байланысты емес, сондықтан артық талап деп санаймыз. Аталған ескертпелерге байланысты біліктілік талаптарына тиісті өзгерістер енгізуді сұраймыз	2025-02-27 17:01:28	Представить разъяснение положений конкурсной документации	№2, №6 №8, №12, №13, №1. №15, 16 позицияларында біліктілік санатары бойынша жұмыс тәжірибесін сұрау қарастырылмаған. № 3 позицияда Халықаралық олимпиадалардың (IMO, IOI, IPhO, ICbO, IBO) жүлдегері болып табылатын маманға қойылған талап негізделген және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сайкес келеді. Аталған заң мемлекеттік сатып алу барысында қызметтердің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді көздейді, бұл әлеуетті өнім берушілерге қойылатын объективті біліктілік талаптарын белгілеу арқылы жүзеге асырылады. IMO, IOI, IPhO, ICbO, IBO сияқты халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болу пәндік білімнің жоғары деңгейін, аналитикалық ойлауды және күрделі есептерді шешу қабілетін көрсетеді, бұл ерекше академиялық жетістіктерді растайды. Бұл олимпиадалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) тізбесіне енгізілген. Бұл олимпиадалардың халықаралық мартебесі мен олардағы жоғары басекелестік мамандардың білімдері мен дағдыларын объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олимпиадалық тапсырмалар тек терең теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар олардың стандартты емес жағдайларда қолдана білу қабілетін талап етеді. Бұл әсіресе бағдарламалау, математика, физика, химия және биология пәндерін оқытуда маңызды, өйткені күрделі тұжырымдамаларды оқушыларға жоғары деңгейде бейімдеу және түсіндіру қажет. Осылайша, маманның халықаралық олимпиадалардың жүлдегері мартебесіне ие болуы оның тәжірибі оқыту, күрделі мәселелерді талдау және терең білім беру қабілетін растайды, бұл сатып алынатын қызметтерді сапалы орындаумен тікелей байланысты. Бұл талап басекелестікті шектемейді, керісінше, көрсетілетін білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер осы хаттама және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтіні мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Сотрудник Курмангалиева Ляззат Сураганкызы

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты (ол бар болса).

Протокол предварительного обсуждения проекта конкурсной документации №14404121

№ конкурса 14131224-1
Название конкурса Услуги по повышению квалификации учителей и администрации организаций среднего образования Акмолинской области
Срок приема замечаний к проекту конкурсной документации, а также запросов о разъяснении положений конкурсной документации с 2025-02-26 14:34:54 по 2025-02-28 14:34:54
Наименование организатора государственное учреждение "Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Акмолинской области"

Замечание (я) к проекту конкурсной документации, а также запрос(ы) о разъяснении положений конкурсной документации направлены следующим(и) потенциальным поставщиком (ами), по которому (ым) принято(ы) следующее (ие) решение(я):

№	БИН (ИИН)/ ИНН/УНП потенциального поставщика	Тип обращения (замечание, запрос о разъяснении)	Текст обращения	Дата и время направления замечания, запроса о разъяснении	Принято решение	Причина отклонения, текст разъяснения

1	130940004338	Замечание к КД	№5 позиция «Үздік педагог «атағының иегері болып табылатын маманды талап еткен, бұл конкурса қатысушы потенциалды үміткерлердің санын шектеуге бағытталған деп ойлаймыз. №10 позиция бағдарламалау (Python) және робототехника (Arduino) бойынша арнайы сертификат талап етілген, алайда осы екі бағыт бойынша басқа да балама курстар бар, сондықтан, атауын нақтылау қажеттілігі жоқ деген ойдамыз. Аталған ескертпелерге байланысты біліктілік талаптарына тиісті өзгерістер енгізуді сұраймыз	2025-02-27 17:02:21	Представить разъяснение положений конкурсной документации	№ 5 позиция «Үздік педагог» атағының болуы туралы талап Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сәйкес келеді. Аталған заң бюджеттік қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалануды, адал басекелестікті, жеткізушілер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды көздейді. Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші шарттың сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін әлеуетті өнім берушілерге қосымша біліктілік талаптарын қоюға құқылы. «Үздік педагог» атағы жоғары кәсіби жетістіктері бар мамандарға беріледі, бұл олардың біліктілігі мен дайындығының деңгейін растайды. Бұл атағы бар мамандардың саны басекелестікке жеткілікті, сондықтан оның болуы жасанды кедергі болып табылмайды. Осылайша, бұл талап басекелестікті шектеуге емес, көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл мемлекеттік сатып алу қағидаттарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптары, оның ішінде белгілі бір атақтардың, сертификаттардың және лицензиялардың болуын белгілеу тәжірибесі мемлекеттік сатып алу саласында кең таралған және егер ол сатып алу ысканымен негізделсе, заңды болып табылады. Бағдарламалау (Python) және робототехника (Arduino) бойынша мамандарда сертификаттардың болуы туралы талап негізделген және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сәйкес келеді. Аталған заң сатып алынатын қызметтердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін қарастырады, бұл әлеуетті өнім берушілерге қойылатын объективті біліктілік талаптарын белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші сатып алу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қосымша біліктілік талаптарын қоюға құқылы. Python тілінде бағдарламалау және Arduino платформасымен жұмыс істеу арнайы білім мен дағдыларды талап етеді, оларды тек ресми сертификаттау бағдарламалары арқылы растауға болады. Дәл осы сертификаттардың болуы маманның қажетті құзыреттерге ие екенін кепілдейді, себебі балама курстардың дайындық деңгейі, оқу материалының көлемі және талаптары айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Техникалық ерекшеліктте робототехника (Arduino) тікелей көрсетілмегеніне қарамастан, бұл дағды STEM-білім беру мен кешенді инженерлік даярлықтың маңызды элементі болып табылады. Arduino алгоритмдерді жүзеге асыру, микроконтроллерлерді бағдарламалау және аппараттық қамтамасыздықпен жұмыс істеу үшін қолданылады, бұл педагогтарға заманауи білім беру ортасында сұраныста ие дағдыларды қалыптастыру үшін негізгі құрал болып табылады. Аталған технология информатика, бағдарламалау және инженерлік пәндерді оқытуда кеңінен қолданылады және түрлі білім беру бастамаларының бағдарламаларына енгізілген. Сонымен қатар, сертификаттауға қойылатын нақты талаптарды белгілеу өнім берушілерді іріктеу кезінде субъективтілікті жояды және мемлекеттік сатып алудың ашықтығын арттырады. Осылайша, Python және Arduino сертификаттарының болуы басекелестікті шектемейді, керісінше, білікті мамандарды тарту арқылы білім беру қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2	130940004338	Замечание к КД	Еңбек ресурстары бөлігінде келесідей заңсыз талаптар қойылған. №2, №6 №8, №12, №13, №1. №15, 16 позицияда жоғары білімі бар маманның орта білім беру ұйымдарында басшы лауазымдағы немесе жалпы жұмыс тәжірибесін растау талап етілген, алайда МСА заңнама қағидалары бойынша, жұмыс тәжірибесін сұрауға болмайды. №3 позицияда Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болған маман талап етілген, алайда бұл маманның біліктілігімен тікелей байланысты емес, сондықтан артық талап деп санаймыз. Аталған ескертпелерге байланысты біліктілік талаптарына тиісті өзгерістер енгізуді сұраймыз	2025-02-27 17:01:28	Представить разъяснение положений конкурсной документации	№2, №6 №8, №12, №13, №1. №15, 16 позицияларында біліктілік санатары бойынша жұмыс тәжірибесін сұрау қарастырылмаған. № 3 позицияда Халықаралық олимпиадалардың (IMO, IOI, IPhO, IChO, IBO) жүлдегері болып табылатын маманға қойылған талап негізделген және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген қағидаттарға сайкес келеді. Аталған заң мемлекеттік сатып алу барысында қызметтердің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді көздейді, бұл әлеуетті өнім берушілерге қойылатын объективті біліктілік талаптарын белгілеу арқылы жүзеге асырылады. IMO, IOI, IPhO, IChO, IBO сияқты халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болу пәндік білімнің жоғары деңгейін, аналитикалық ойлауды және күрделі есептерді шешу қабілетін көрсетеді, бұл ерекше академиялық жетістіктерді растайды. Бұл олимпиадалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) тізбесіне енгізілген. Бұл олимпиадалардың халықаралық мартебесі мен олардағы жоғары басекелестік мамандардың білімдері мен дағдыларын объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олимпиадалық тапсырмалар тек терең теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар олардың стандартты емес жағдайларда қолдана білу қабілетін талап етеді. Бұл әсіресе бағдарламалау, математика, физика, химия және биология пәндерін оқытуда маңызды, өйткені күрделі тұжырымдамаларды оқушыларға жоғары деңгейде бейімдеу және түсіндіру қажет. Осылайша, маманның халықаралық олимпиадалардың жүлдегері мартебесіне ие болуы оның тәжірибі оқыту, күрделі мәселелерді талдау және терең білім беру қабілетін растайды, бұл сатып алынатын қызметтерді сапалы орындаумен тікелей байланысты. Бұл талап басекелестікті шектемейді, керісінше, көрсетілетін білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сайкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Заявки на участие в данном конкурсе принимаются не позднее пяти рабочих дней с момента размещения данного протокола и текста утвержденной конкурсной документации на веб-портале государственных закупок

Сотрудник Курмангалиева Ляззат Сураганкызы

Расшифровка аббревиатур:
БИН – бизнес-идентификационный номер;
ИИН – индивидуальный идентификационный номер;
ИНН – идентификационный номер налогоплательщика;
УНП – учетный номер плательщика;
Ф.И.О. – фамилия имя отчество (при его наличии).